

**«№74 жалпы білім беретін мектеп» КММ**  
**2023-2024 оқу жылындағы оқу жоспарының орындалуы**  
**Бейін ісі жөніндегі орынбасарының жылдық жұмысына**  
**педагогикалық қорытынды талдау.**

Мектептің материалдық техникалық базасы бойынша оқу кабинеттерінің

жалпы саны - 25

Жаңа үлгідегі химия, физика, информатика кабинеттері арнайы зертханалармен жабдықталған. Мультимедия, 2-лингофон кабинеті, 2- шеберхана. 1- Спорт зал, АКТ зал, Асхана, 1- кітапханамен қамтамасыз етілген.

Барлық компьютерлер саны -34, ескірген

Жалпы мұғалімдер саны-56

Педагог қызметкерлердің сапалық құрамы:

Педагогтардың барлығы жоғары білімді.

ҮЗДІК Дипломмен бітірген педагогтар саны -6 ,

Магистр дәрежесіндегі 4 мұғалім жұмыс атқарады.

Орташа апталық жүктемесі – 16,9 пайыз

Педагог-шебер – 1 ( 2 %)

Педагог-зерттеуші – 11 (20%)

Педагог-сарапшы – 14 (25 %)

Педагог- модератор –19 (34 %)


Педагог санатында – 4 (7,1%)

Жас мамандар – 7 (12,5%)

Магистратура дәрежесі бар -4 (7,1 %)

Мектеп тренерлері- 2(4 %)

Әдістеме бірлестік саны-5



2023-2024 оқу жылында мектеп жоспарына сәйкес атқарылған жұмыстарға тоқталатын болсам, мектеп тарихы мен әрбір іс-шара фейзбук әлеуметтік желісіндегі парақшаға жарияланып тұрады. Жарияланымдар саны-300 –ге жуық жарияланым жасалынған.

Оқу жылы барысында 25-ке жуық түрлі іс-шаралар жоспары бекітіліп, мектеп тарапынан 200-ден астам білім алушыларға марапаттар берілді.

Оқу жылында өткізілген пән апталықтары жоспары бекітіліп, 100 пайыз өз дәрежесінде өткізілді.

Енді оқу жылындағы мұғалімдер жетістігіне тоқталатын болсам жалпы саны 73 марапат тіркелді. Сонымен қоса 514 бұйрыққа сәйкес қашықтықтан қатысқан олимпиадалар мен қоса жалпы 106 марапат бар.

Аудандық- 36

облыстық- 6

Республикалық - 4

Халықаралық-0

Мектепшілік- 27

Оқу жылындағы газет-журналдарға жарияланымдар саны-17

Авторлық жұмыстар саны-12

Оқу жылында оқушылар арасында ғылыми жоба, олимпиада, зияткерлік сайыс жеңімпаздары 514- бұйрыққа сәйкес

Аудандық-44

Облыстық деңгейде- 27

республика – 15 олимпиада, оның ішінде ауыл балаларына арналған IQANAT олимпиадасының республика кезеңіне биыл 5 оқушы өтіп қатысып келді. 1 оқушымыз Жұмабек Ақгүл жартылай финалды жеңіп алды. Қазіргі таңда ауыл балаларына зор мүмкіндік беретін маңызды олимпиадаға қатысқан 3 оқушымыз Көкшетау қаласында орналасқан «IQANAT» мектебінде білімдерін жалғастырып, Үздік аттестатқа тәмамдап, шет елдік ЖОО на оқуға түскен оқушыларымызды мақтан тұтамыз. Сонымен қоса «Ауыл олимпиадасының» республикалық кезеңінде 2 оқушы жүлделі 2 – 3 орынды иеленді.

Мұғалімдердің жыл бойына атқарған жұмысы жыл басында келісілген өлшемшарт бойынша Рейтинг анықталды.

Атап айтқанда:

- Мұғалімдер арасында түрлі байқаулар мен сайыс жеңімпаздары
- Оқушылар арасында ғылыми жоба, олимпиада, зияткерлік сайыс жеңімпаздары
- Оқу жылында семинарлар мен конференцияларда озық іс-тәжірибемен бөліскен ұстаздар
- Оқу жылында авторлық бағдарлама дайындап, тарату
- Мұғалімдердің баспаға материал жариялауы
- Интернет ресурстарында мақала жариялауы
- Оқу жылында ашық сабақтар өткізу
- Сабақтарға қатысу, талдау саны
- Мұғалімдер және оқушылар арасында түрлі қашықтық байқаулар жеңімпаздары

Пән бірлестіктердің және мұғалімдердің жұмысы осы өлшемдерге қарай талдау жасалынып, бағалық сапасы анықталды.

Анықтау мөлшері:

1. Инновациялық деңгей -80-100 балл, одан жоғары
2. Оптималды деңгейде жұмыс істейтіндер – 50-80 балл арасы
3. Мүмкін деңгейде 20-50 балл
4. Кризистік деңгейде – 0-20 балл

### **Мұғалімдердің пән бойынша 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстарының рейтингісі**

№	Пән бірлестіктер	Мұғалім саны	Инновациялық деңгей	Оптималды деңгей	Мүмкін деңгей	Кризистік деңгей	Балл жинағы
1	Қазақ тілі мен әдебиеті	5	2	2	1	0	325
2	Орыс тілі мен әдебиеті	6	0	0	4	2	240
3	Ағылшын тілі	6	0	2	3	1	246
4	Бастауыш	15	1	4	6	2	743
5	Математика	5	2	2	1	0	285
6	География	1	0	0	1	0	40
7	Химия, биология	3	2	1	-	-	374
8	Физика, информатика	4	0	1	2	1	182
9	Тарих	4	2	1	1	0	318
10	Дене шынықтыру АӘД	4	0	1	3	1	230
11	Технология	2	0	0	2	0	68
12	МАД	1	0	0	1	0	30
	<b>Жалпы</b>	<b>56</b>	<b>10</b>	<b>16</b>	<b>23</b>	<b>8</b>	<b>3021</b>

Оның ішінде:

1. Инновациялық деңгейде - 10
2. Оптималды деңгейде жұмыс істейтіндер - 16
3. Мүмкін деңгейде - 23
4. Кризистік деңгейде – 8

Жалпы пән бірлестік бойынша балл санын есептегенде алдыңғы қатарға 3 пән бірлестігі шықты.

- 1.Химия,биология 374 балл/ 66
2. Қазақ тілі мен әдебиеті 325 / 42
3. Тарих 318 /39

### **Шығармашылық топ жұмысы**

Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру және шығармашылықпен жұмыс істеу бағытында мынадай шығармашылық топтар жұмыс істейді:

1. «Шығармашылық шыңы» шығармашылық тобы озат тәжірибені тарату, ықпалдастыру бағытында

### **Шығармашылық топ құрамы**

Кесте №1

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Санаты
1	Ережепова С	Биология пәні мұғ.	Педагог-шебер
2	Ажибаева А	Қазақ тілі мен әдебиеті	Педагог-зерттеуші
4	Татенова А	Бастауыш	Педагог-зерттеуші
5	Сейтжанова А	Бастауыш	Педагог-зерттеуші
6	Жуманова А	Бастауыш	Педагог-зерттеуші
7	Айтмурзаева А	тарих	Педагог-зерттеуші

2.«Ізденіс шығармашылығы» шығармашылық тобы үш тілде білім беру бағдарламасын кіріктіре отырып тиімді пайдалану, нәтижесін зерделеу бағытында

Топ құрамы:

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Санаты
1	Байжиенова А	Қазақ тілі мен әдебиеті	Педагог-зерттеуші
2	Абишева Ш	Бастауыш	Педагог-зерттеуші
3	Орынбаева А	Ағылшын тілі	Педагог- сарапшы
4	Сауранова Д	Математика	Педагог- сарапшы
5	Оспанбекова А	Орыс тілі	Педагог-модератор

### **Мектеп мұғалімдерінің аудандық жетістіктері**

№	Байқау, конкурс, атауы	Мұғалімнің аты - жөні	Жұмыс орны
1	«Аудандық кәсіподақ»	Қалдыгозова Кулаш	Құрмет грамотасы
2	«Аудандық кәсіподақ»	Ережепова Сауле	Құрмет грамотасы
3	«Аудандық кәсіподақ»	Досалиев Әмірсейіт	Құрмет грамотасы
4	«Аудандық кәсіподақ»	Анарбаева Айнур	Құрмет грамотасы
5	«Аудандық кәсіподақ»	Жуманова Асия	Құрмет грамотасы
6	«Аудандық кәсіподақ»	Жумасаева Гулдария	Құрмет грамотасы
7	«Аудандық кәсіподақ»	Белходжаева Аймаң	Құрмет грамотасы
8	«Аудандық кәсіподақ»	Ажибаева Ақбөпе	Құрмет грамотасы
9	«Білім бөлімі»	Қалдыгозова Кулаш	Алғыс хат
10	«Білім бөлімі»	Ережепова Сауле	Мадақтама

11	«Білім бөлімі»	Сагинбаев Болат	Мадақтама
12	М. Әуезовтың 125 жылдығына арналған аудандық көркемсөз оқу шеберлігі байқауы	Анарбаева Айнур	2 орын
13	Білім бөлімі	Белходжаева Айман	Құрмет грамотасы
14	Білім бөлімі	Нуркулов Даурен	Алғыс хат
15	Білім бөлімі	Абдухалыкова Жаннат	Мадақтама
16	Аудан әкімі	Калдыгозова Кулаш	Диплом
17	Білім бөлімі	Ағыбаева Айнур	Алғыс хат
18	Білім бөлімі	Абишева Шарипа	Алғыс хат
19	Білім бөлімі	Қазбекова Гулбақыт	Құрмет грамотасы
20	«II Ыбырай жазулары»	Өтебай Әйгерім	II орын
21	Білім бөлімі	Елмуратова Миуагүл	Құрмет грамотасы
22	Білім бөлімі	Сауранова Дана	Алғыс хат
23	«Мың бала» Ұлттық олимпиадасы	Ағыбаева Айнур	Алғыс хат
24	«Мың бала» Ұлттық олимпиадасы	Дауленова Аяулым	Алғыс хат
25	«Үздік педагог»	Жуманова Асия	Диплом
26	«Үздік педагог»	Ажибаева Ақбөпе	Диплом
27	«Тұлпар мініп, ту алған!»	Байжиенова Айгерим	Алғыс хат
28	«Pro Eco» ғылыми жоба	Ережепова Сауле	Алғыс хат
29	«Pro Eco» ғылыми жоба	Белходжаева Айман	Алғыс хат
30	«Үздік жыл психологы -2023жыл»	Құралбек Нұргүл	Құрмет грамотасы
31	«Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз	Нуркулов Даурен	2 орын
32	Аудандық мұғалімдер олимпиадасы	Анарбаева Айнур	2-орын
33	Мәдениет орталығы	Налибаева Айжан	Алғыс хат
34	Мәдениет орталығы	Будембаева Бахтыгүл	Алғыс хат
35	Тамыз конференциясы	Анарбаева Айнур	2-орын
36	«Тұғыры биік тәуелсіздік» эссе	Шмадияр Нурила	3-орын
37	Педагогикалық идеялар фестивалі	Дадабекова Аида	2-орын
38	Педагогикалық идеялар фестивалі	Оспанбекова Халида	2-орын
39	Педагогикалық идеялар фестивалі	Примкул Сабина	3-орын
40	Педагогикалық идеялар фестивалі	Айдаралы Назерке	2-орын
41	Педагогикалық идеялар фестивалі	Ерманова Айжан	Алғыс хат
42	«Smart сабақ-2023»	Нуркулов Даурен	Құрмет грамотасы
43	«Smart сабақ-2023»	Ережепова Сауле	Құрмет грамотасы
44	«АҚБЕРЕН» өнер	Ажибаева Ақбөпе	Алғыс хат

	байқауы		
45	Аманат партиясы	Райымбеков Қайрат	Алғыс хат
46	Аманат партиясы	Налибаева Айжан	Алғыс хат

### Мектеп мұғалімдерінің 2023-2024 оқу жылындағы облыстық жетістіктері

№	Байқау, конкурс, атауы	Мұғалімнің аты - жөні	Жұмыс орны
1	«Поэзия әлемі» байқауы	Ажибаева Ақбопе	II орын
2	«Ең үздік бастауыш сынып мұғалімі-2023»	Уйсинбаева Алтынай	II орын
3	«Медиа технологиялық әдіс-тәсілдерді сабақ барысында пайдалану» облыстық семинар	Ережепова Сауле	II орын
4	«Тілдерді оқытуда пәнаралық байланысты іске асырудың жолдары» тақырыбында облыстық тәжірибелік семинарда озық идея	Анарбаева Айнур	Мадақтама
5	«Үздік интербелсенді сабақ-2023»	Ажиходжаева Гулзия	Мадақтама
6	Алғашқы әскери дайындық	Исмайлов Алиасқар	Алғыс хат
7	Ақберен Education танымдық журнал	Ажибаева Ақбопе	Диплом
8	Edu Print білім саласына дамуына қосқан үлесі үшін	Сагинбаев Болат	Құрмет грамотасы
9	«Алтын Ұрпақ»	Айтмурзаева Алтынай	Алғыс хат
10	«Алтын Ұрпақ»	Досалиев Әмірсейіт	Алғыс хат
11	«Алтын Ұрпақ»	Белходжаева Айман	Алғыс хат
12	«Алтын Ұрпақ»	Досалиев Әмірсейіт	Алғыс хат
13	«Алтын Ұрпақ»	Ағыбаева Айнур	Алғыс хат
14	Sabaq.kz	Татенова Айгул	I дәрежелі диплом
15	Sabaq.kz	Сейтжанова Алтынай	I дәрежелі диплом
16	Жыл үздігі - 2023	Жуманова Асия	Педагогтар қоғамы төрағасы
17	Алтын Білім кілті	Калдыгозова Кулаш	Алғыс хат
18	Жылдың үздік авторы	Ережепова Сауле	Халықаралық ғылым мен білімді дамыту орталығы
19	Innovative Technologies of Modern Teaching	Орынбаева Айжахан	Edumediator
20	«Мақатаев кз»	Налибаева Нафиса	Құрмет грамотасы
21	Altyn Saqa	Ерманова Айжан	Алғыс Хат
22	Daryn Zerde Ortalygy	Абдухалыкова Жаннат	Алғыс Хат
23	Daryn Zerde Ortalygy	Елмуратова Миуагүл	Алғыс Хат
24	Эрудит	Айдаралы Назерке	Құрмет грамотасы

### Мектеп мұғалімдерінің 2023-2024 оқу жылындағы республикалық жетістіктері

№	Байқау, конкурс, атауы	Мұғалімнің аты - жөні	Жұмыс орны
1	«Үздік сынып жетекші-2024 »	Нуркулов Даурен	II дәрежелі Диплом
2	«Педстарт»	Белходжаева Айман	I дәрежелі Диплом
3	«Педстарт»	Ағыбаева Айнур	I дәрежелі Диплом
4	«Педстарт»	Налибаева Айжан	II дәрежелі Диплом
5	«Педстарт»	Уйсинбаева Алтынай	II дәрежелі Диплом

### Оқу жылында баспасөзге жарияланған жұмыстар тізбесі

№	Мұғалімнің аты-жөні	Журнал, газет атауы	Мақала тақырыбы
1	Сейтжанова Алтынай	Үздіксіз Педагогикалық білім	Абай әлеміне саяхат
2	Сагинбаев Б	Үздіксіз Педагогикалық білім	Компьютердің логикалық элементтері
3	Байжиенова А	Үздіксіз Педагогикалық білім	А.Байтұрсынұлы Қазақ әліпбиінің атасы
4	Тастемирова Г	Ғылыми ізденіс	Өнердегі замануи техника мен ғылыми жетістіктер
5	Ережепова Сауле	Ғылыми ізденіс	Тозаңдану және ұрықтану
6	Қазбекова Гулбақыт	Ғылыми ізденіс	Арифметикалық амалдардың жазылу ережелері
7	Сатымбекова Дина	Ғылыми ізденіс	Интернеттің пайдасы мен зияны
8	Әлімжан Арайлым	Ғылыми ізденіс	Неге мектеп оқушылары ерте жаста депрессияға ұшырайды.
9	Налибаева Айжан	Сарыағаш	Тәрбие тал бесіктен
10	Ажибаева Айнур	Сарыағаш	Қарттарым асыл қазынам
11	Айтмурзаева А	Сарыағаш	Ұстазым ұлы тұлғам
12	Ахмедов Жандос	Сарыағаш	Шынықсаң шымыр боласың
13	Құралбек Нұргүл	Сарыағаш	Кибербуллинг
14	Анарбаева Айнур	Ғылыми ізденіс	Сөйлемдегі сөздердің байланысы
15	Абишева Шарипа	Ғылыми ізденіс	Мектеп жасына дейінгі балаларды танымдық тілдік дамытуда заманауи әдістерді дамыту
16	Белходжаева Айман	Ғылыми ізденіс	Жұлынның құрылысы
17	Налибаева Нафиса	Ғылыми ізденіс	Бастауыш сыныптарда пәндерді оқытуда белсенді әдістерді қолдану
18	Искендер Құрманғазы	Ғылыми ізденіс	Өткенімізді ұмытпайық
19	Оспанбекова Айдана	Педагогикалық шеберлік	Особенности развития навыка письма на начальном этапе обучения русскому языку

### Авторлық жұмыстар тізбесі

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Авторлық жұмыс тақырыбы
1	Ережепова Сауле	биология	Инновациялық элементтер арқылы білім алушылардың қызығушылығын дамыту
2	Жуманова Асия	бастауыш	Pisa тапсырмалары арқылы функционалдық сауаттылықты арттыру
3	Оспанбекова Халида	ағылшын	The effectiveness of using cognitive and metacognitive reading strategies to improve critical thinking skills
4	Ажибаева Ақбөпе	Қазақ тілі және әдебиеті	«Мәтінді талдау жолдарын меңгерту»
5	Райымбеков Қайрат	Көркем еңбек	Ұлттық өнерді дамыту
6	Дадабекова Аида	ағылшын	English text for beginner
7	Оспанбекова Айдана	Орыс тілі және әдебиеті	Искусственный интеллект на уроках русского языка и литературы
8	Дауленова Аяулым	Математика	Білімде олқылықтары бар оқушыға есептерді тиімді тәсілдермен шығаруды үйрету
9	Бегалиева Шахсанам	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс
10	Татенова Айгүл	бастауыш	Қызықты математика әлемінде
11	Сауранова Дана	бастауыш	Функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған есептер
12	Досалиев Әмірсейіт	География	Қазіргі таңдағы Қазақстанның экологиялық жағдайы

**Педагогтердің 2023-2024 оқу жылында ұстаз бен оқушының жеткен жетістіктері негізінде жасалған жылдық қорытынды РЕЙТИНГтік бағалау шкаласы**

**Мектеп ұстаздарының жылдық қорытынды рейтингі бойынша үзінді**

№	Аты-жөні	Мектепшілік 0,3; 0,5; 1,0	Аудандық Педагог жетістігі 1,0;2, 0; 3,0	Облыстық Педагог жетістігі 3,5; 4,0; 4,5	Республикалық Педагог жетістігі 5; 5,5; 6; 6,5;	Педагогтік қашықтық анқатысқан жетістігі 0,5, 1, 1,5	Алғыс хат, күрмет грамотасы 1,5	Аудандық Білім алушының жетістігі 1,0; 2,0; 3,0	Облыстық Білім алушының жетістігі 3,5; 4,0; 4,	Республикалық Білім алушының жетістігі 5,0; 5,5; 6,0; 6,5;	Білім алушының қашықтықтан қатысқан жетістігі 0,5, 1, 1,5, 2,0	Жалпы ұпай саны
1	Ережепова Сауле Альжановна		2+2+3	4			1,5+ 1,5	3+3+3+3 +1+1+1+ 1+2+2	3+3+3	4,5 сертификат		<b>47,5</b>
2	Анарбаева Айнур Муратовна			4		1,5		1+2+3+1	4+4,5	4,5 сертифи		<b>25,5</b>

									кат			
3	Жуманова Асия Алшынбаевна		2+3				1,5+ 1,5				2+2+1,5+1 ,5+2+0,5	17,5
4	Ажибаева Ақбөпе Батырханқызы		2	3.5		1,5		3+3+1+1 +2				16,5
5	Белходжаева Айман Амангельдыевна	1	3+2 3+2				1,5	2				14,5
6	Агыбаева Айнур Ермахановна		2		4 «Мың бала»	1,5	1,5	3			1,5+1,5	11
7	Ешева Бағыла Аликуловна	0,3+ 0,3	1+2+2				1,5+ 1,5				2	10,6
9	Байжиенова Әйгерім Ергешовна			4				2+2+2				10
10	Өтебай Әйгерім Ақбарқызы					1,5		1+3+3			0,5+1	10
11	Исмаилов Алиаскар Хангельдиевич		3+1+2+ 1					1+1+1				10
12	Дауленова Аяулым Айдарқызы		2		4 «Мың бала» олимп.						1,5+1,5	9
13	Налибаева Айжан Қуттыбаевна		2			0,5	1,5	2			1+1,5	8,5
14	Базарбаева Саера Нурғалиқызы	0,3	2+2+1				1,5	1			0,5	8,3
15	Айдаралы Назерке		1				1,5				0,5+1	8
16	Сейтжанова Алтынай Абайқызы		2				1,5	1			1,5+1,5	7,5
17	Татенова Айгүл Кураковна						1,5+ 1,5				2+2	7
18	Құралбек Нүргүл		3	2+2								7
19	Уйсинбаева Алтынай Исаевна		2			1+1,5		2				6,5
20	Налибаева Нафиса Усенбаевна						1,5+ 1,5				1,5+2	6,5

Талдау жұмыстарын жүйелі жүргізу мақсатында білікті педагог тізбесінен шығармашылық топ құрылды. Бірлесе түзілген жоспарға сай қабілетті оқушылармен жұмыс, үлгерімі төмен оқушылармен атқарылған жұмыстар нәтижесі тоқсан сайын терең талданды. 2023-2024 оқу жылында

Білім сапасы 1 –тоқсан 47,7 пайызды құраса,


2- тоқсан 49,2 пайыз

3- тоқсан 50,3 пайызға

4-тоқсан 56,6 пайыз

Жылдық сапалы білім 66,9 құрады.

3 жылдық білім сапа көрсеткішіне тоқталып өтетін болсам, төмендегіше



**XXI ғасырда әлемдік өркениет төрінен орын алуы үшін,  
Қазақстанның жан-жақты дамуының бірден-бір жолы ғылымды  
әр қырынан меңгерту болып табылады**

Биылғы оқу жылында бітіруші 11- сыныпта  
бітірушілер саны - 39 білім алушы аяқтады.

ҰБТ тестіне қатысуы – 100 пайыз

ЖОО на түскен оқушылар саны -39

Грант бойынша - 18 оқушы

Серпін бойынша 2 оқушы түсті.

**100-140 балл** аралығында 3 оқушы

1.Айтқұлова Ұлжан Бақтиярқызы-129 балл


2.Қожабек Назерке Ерболқызы – 121 балл

3.Байжан Нургуль Болатқызы – 106 балл

**80-100 балл** аралығында -15 оқушы

**50-79 балл** аралығында оқушылар саны -19

Шектік баллға жетпеген оқушы саны - 2



Білім сапасы күнделікті сабақтың жемісі деп айта аламыз. Педагогтардың шығармашылық ізденісі мен тәжірибесі білім сапасының көрсеткіші.

1. Саралап, деңгейлеп оқыту технологиясы тұлғаның жалпы дамуына және ақыл-ой іс-әрекетінің шығармашылық дамуына бағытталады. Бұл технология бойынша даму оқудан ілгері жүруі тиіс және бала дамуындағы табиғи қасиеттердің дамуын мұғалім педагогикалық тетіктер арқылы бағыттайды, қолдайды және тездетеді. Дамыта оқыту мақсатты бағытталған оқу қызметі ретінде іске асырылады және де бала өзін-өзі дамытудың мақсаты мен міндетін саналы түрде белгілеп, оны барынша табандылықпен, шығармашылықпен іске асырады.

Шешендік өнер балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға және ана тіліне қызығушылығын арттыруға бағытталған. Көркем әдеби тілде сөйлеуге насихаттау жұмыстары, шешендік өнердің сырын ұғындыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

2. Ойын технологиялары оқу үрдісіндегі баланың белсенділік қағидасы дидактикадағы негізгі мәселенің бірі болып отыр. Бала белсенділігі дегеніміз-білімге деген ұмтылыс, оны практикалық қолдана білу біліктілігі. Сабақтың коммуникативтік бағытын қалыптастырудағы ең тиімді әдіс-ойын болып табылады. Бастауыш және 5-6 сыныптарда ойын сабақтың негізгі құрамдас бөлігі ретінде педагогикалық ахуал туғызуға игі әсер етеді. Ойын қызметі адам өмірінде түрлі қызмет атқарады және бала дамуына жан-жақты әсер етеді. Ойын қызметінің төмендегідей түрлерін атап көрсетуге болады:

- коммуникативтік;
- диагностикалық;
- еркін шығармашылық;
- өзін көрсете білу;
- танымдық.

3. Деңгейлік оқыту технологиясы математика пәні мұғалімі Г.Қазбекова

«Қабілетті балаларды ұжымдық және жеке формада деңгейлік тапсырмаларды орындауда жылдамдық пен еске сақтау қабілетін дамыту» тақырыбында жұмыс жүргізіп келеді. Мұғалім осы технологияның элементтерін енгізе отырып, өз алдына барлық баланы жақсы оқыту мақсатын қояды. Жұмысты мұндай формада ұйымдастыру мықты оқушыға өзінің қабілетін дамытуға, нашар оқушыны тезірек жетектеуге мүмкіндік береді.

Жеке топтық-ұжымдық жұмыстар негізінде міндетті және қосымша деңгейлік тапсырмаларды орындау басты мақсат. Міндетті тапсырмалар барлық оқушылар шамасы келетіндей етіп жасалады, ал қосымша тапсырма міндетті тапсырманы тез және сапалы орындайтын оқушыларға арналған.

4.2023-2024 оқу жылында әдістемелік қызметті ұйымдастыру және басқару әдістемелік кеңес арқылы іске асты. Әдістемелік Нұсқау хат тұжырымдамасы негізінде мектептің әдістемелік жоспары құрылған. Әдістемелік кеңестің жоспары, жұмыс тәртібі бекітілген.

Жоспарға сай әдістемелік бірлестіктер құрылып, іс-шаралар мен кешенді жұмыстар атқарылды. Жоспарға сәйкес әдістемелік кеңес отырыстарында пән бірлестіктерінің жұмысы қаралды. Пән әдістемелік бірлестіктерінің мүшелері мынадай мәселелер бойынша әдістемелік кеңес жетекшісіне есеп берді: әдістемелік бірлестік жұмысына қатысуы, перспективалық жоспар негізінде біліктілік арттыру курстарында оқуы, өз білімін көтерумен айналысуы, жұмысқа ынтасы және т.б.

Әдістемелік қызметтің басты бағыттары төмендегі міндеттерді іске асыру болып табылады:

- жас мамандарға педагогикалық көмек көрсету;
- білікті, тәжірибелі мамандардың озық педагогикалық іс-тәжірибесін тарату;

5. 2023-2024 оқу жылында мектебімізде жалпы 7 жас маман жұмыс атқарды, оның ішінде 2 жас маманымыз бала күтімі демалысында. Биылғы оқу жылында қажеттілікке байланысты 2 жас маман жұмысқа қабылданды. Оқу жылының басында жас мамандармен жұмыс жүргізу мақсатында жоспар құрылып, нұсқаулыққа сәйкес арнайы іс-құжаттары жинақталды. Жалпы жас мамандармен жұмыс жүргізудегі негізгі мақсатымыз жас мамандардың кәсіби өсуі үшін жағдай туғызу, бейімделуге кері әсер ететін проблемаларды жою, жас маманның кәсіби қызметіне табысты енуіне қолдау көрсету үшін арнайы білікті мамандардан тәлімгер бекітілді.

№	Тәлімгер педагогтар	Санаты
1	Ережепова Сауле Альжановна	Педагог -шебер
2	Сейтжанова Алтынай Абаевна	Педагог- зерттеуші

Жас келсе іске демекші, мұғалімдердің басым бөлігі жастар. Педагогтардың жас бойынша орташа көрсеткіші 34 жасты көрсетеді.

Жас әрі жаңадан келген педагогтерге әдістемелік көмек көрсетуді ұйымдастыру үшін Жас педагог мектебі құрылды.

Жас маманның өзінің және тәлімгер – жетекшісінің жоспары жасақталынды. Мұғалім портфолиосын жасауға, күнтізбелік және сабақ жоспарын әзірлеуге, іс-қағаздар мен журнал толтыруға тәлімгер тарапынан әдістемелік және жетекшілік көмек көрсетіліп отырады.

Мектеп әкімшілігі тарапынан жас маманның педагогикалық процестерге қатысты көзқарастарын анықтау мақсатында арнайы сұхбаттар мен сауалнама жүргізілді.

Жоспарға сәйкес жас мамандарымызға әдістемелік көмек көрсету мақсатында сабақтарына еніп, арнайы коучингтер, дөңгелек үстел және шебер сыныптар үздіксіз өткізіліп, мектепте болып жатқан іс-шараларға қатысуға ықпал жасалынууда.

Атап айтар болсам 2024 жылдың 15 қаңтар күні «Жас маман - Жаңалық жаршысы» тақырыбында портфолио жинақталып, жас мамандардың сабақ барысында пайдаланатын тиімді әдістерімен ортада бөлісіп, презентация қорғалды. Байқау жеңімпазы жас маман физика пәні Базарбаева Саера мен тәлімгері Ережепова Сауле апайымыз аудандық «Педагогикалық дуэт» байқауына қатысып, бас жүлдені жеңіп алды. Түркістан қаласында өткен «Педагогикалық дуэт -2024» облыстық байқауында жас маман Базарбаева мен білікті ұстазымыз Ережепова 3-орынды иеленіп мектептің, ауданның абыройын асқақтатып келді. Сонымен қоса жас мамандарымыздың ішінен «Үздік Дипломмен» қабылданған жас маман қазақ тілі пәні мұғалімі Нуркулов Даурен сыныппен жұмыс жасау барысында өзінің жаңашыл, үздік идеясымен жүйелі жұмысымен «Үздік сынып жетекші-2024» байқауына қатысып, мектепшілік, аудандық, облыстық кезеңдерден I орынға лайықты деп табылып, Республика көлемінде II орынды иеленді. Бұл әрине мектеп үшін үлкен жетістік, қуаныш деп білеміз. «Жақсы мұғалім – мектептің жүрегі» - деп Ы. Алтынсарин айтқандай кез-келген білім ошағының озық жүруі үшін оның ұстаздар ұжымы мықты болуы шарт. Мектебіміздің осындай ұстаздары аз емес. Ұстаздарымыздың дайындаған оқушылары басым көпшілігі аудандық, облыстық және республикалық деңгейде ұйымдастырылған байқаулар мен пән олимпиадалары және түрлі білім сайыстары, педагогикалық оқуларға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда.

### **Жетекші мектеп-жетістіктер алаңы**

Жетекші мектептердегі тиімді ұйымдастырылған қызмет – серіктес мектептердің дамуының үлкен кепілі! Өйткені серіктес мектептерді дамытуда, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін шыңдауда, білім алушылардың оқу жетістігінің нәтижесін арттыруда жетекші мектептердің атқаратын рөлі зор. Жетекші мектептердің негізгі атқаратын рөлі – өздеріне бекітілген серіктес мектептерге қолдау көрсету.

Мектебіміз аудандық 25 жетекші мектептер қатарынан орын алған.

№74 жалпы білім беретін мектебі жетекші мектеп ретінде серіктес мектептермен, атап айтар болсам №13 «Мәңгілік ел» атындағы мектеп, № 52 «М. Өтемісұлы» жалпы білім беретін мектептерімен бірлесе жұмыс жүргізіп келеміз.

Биылғы 2023-2024 оқу жылының басында серіктес мектеп үйлестірушілерімен бірлесе отырып, оқу жылына жоспар құрып, аудан тарапынан бекітілді және сол бекітілген жоспар бойынша жұмыс жүргіздік.

Жалпы біздің мектептің басты ұстанатын қағидаттары білім саласындағы қандай болмасын жаңалықтар мен өзгерістерге ашық болу, сол бағытта белсенді шараларды жоспарлау, мұғалімдердің үнемі кәсіби дамуына үлес қосу. Жетекші мектептің қызметі тек жетекші мектеп үшін ғана емес, әдістемелік кабинеттен басталған жүйе алқаластық пен ынтымақтастықта жүзеге асса және

тек орындаушылық жүйеде емес, бастамашылдыққа басымдық берсе ғана жақсы жетістіктерге жетуге болады. Яғни, жетекші мектептің жұмысын ұйымдастыруда жүйе мен жауапкершіліктің болуы шарт.

Осы қағидаттарды басшылыққа алып жұмыстануда жетекші мектептің бекітілген мақсат, міндеттері бар.

Біздің мектептің негізгі де басымдық беретін қызметі –серіктес мектептерге қолдау көрсету, бірлесіп жоспарлау, коучингтер, семинарлар өткізу.

2023-2024 оқу жылында серіктес мектептермен жүргізілген жұмыстар барысында жоспар бойынша түрлі тақырыпта жалпы саны 8 семинар-коучингтер өткіздік.

Жеке тоқталатын болсам:

1. « LESSON STUDY іс-әрекеттегі зерттеу кезеңдері» тақырыбында семинар

2.«Мұғалімнің кәсіби шеберлігі –нәтижеге бағытталған білім беру негізі»

№ 52 «М. Өтемісұлы» жалпы білім беретін мектеп базасында жоспар негізінде бірлескен семинар өткізілді.

3. «Болашақ біздің қолымызда» тақырыбында педагог-модераторлар онкүндігін қорытындылау мақсатында семинар ұйымдастырылды. Семинарға серіктес мектеп педагог-модератор санатындағы ұстаздар қатыстырылды.

4.«Оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру» тақырыбында Б.Баядилова базасында семинар өткізілді. Семинарға серіктес және жетекші мектеп мұғалімдері қатысты. Семинар жоғары деңгейде өтілді.

5.«Жас педагогтердің кәсіби құзіреттілін дамытудың тиімді жолдары» тақырыбындағы семинарға серіктес мектеп жас мамандары қатыстырылып, Семинар жоғары дәрежеде өтілді.

Жетекші мектептің қызметі мұғалімді даярлау емес, дайын білімді тереңдетуге және жетілдіруге бағытталады, яғни мамандардың бір орында қалып қоймай, кәсіби дамуына ықпал ететін қызметті жүзеге асыратын мектеп деуге болады. Демек, ол мектеп басқа мектептерге қарағанда кадр жағынан, білім сапасы жағынан, оқуға барлық мүмкіндік қамтылған мектеп базасы жағынан да көш ілгері болу керек. «№74 жалпы білім беретін мектебі» серіктес мектептер арасындағы өз жетекшілігін толығымен абыройлы атқарып келеді.

Осы орайда мектептің қызметіне, жоспарлары бойынша атқарылатын іс-шараларына аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинеті тарапынан үнемі қолдау көрсетіліп отыратыны қуантады.

**Сөз соңында** жастарға сапалы білім беруге жағдай жасайтын және олардың үйлесімді дамуына, тәжірибелі мұғалімдердің бірлескен жұмысының нәтижесінде қол жеткізуге болатын ізденіс қорытындысы дегім келеді. Білім алушыларға лайықты оқытудың әдісін саралап, оны шешу жолындағы басқару әрекеттерін дұрыс ұйымдастыра білгенде ғана жұмысымыз нәтижелі болмақ.

ДБЖО:

А. Ағыбаева